Ветеринария – саулық пен салауат негізі
2-бет




Бюджет әлеуметтік салаға бағытталады
3-бет




Қарағанды – қара өлеңнің қағбасы
4-5-бет




ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | БЕЙСЕНБІ, **20 СӘУІР**, 2023 ЖЫЛ **№44 (23 220)** | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz


● КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

# Сенімді серпілткен сегіз бағыт

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Жиынға Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар төрағалары қатысты.**

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



**«Сөзден іске көшетін мезгіл жетті»**

«Елдегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құруымыз керек» деген Мемлекет басшысы нақты іс-шараларға баса мән беру керектігіне тоқталды.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгіні мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы мақсатта Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты нарықтық экономикаға көшу керектігін айтады.

– Біз өте қиын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Дәстүрлі экономикалық және логистикалық байланыстардың үзілуі рекордтық инфляциямен, әлемдік экономиканың баяулауымен, мемлекеттердің қарыз ауыртпалығының өсуімен қатар жүреді. Сауда кедергілері көбейіп, мемлекеттер арасында өзара сенімсіздік артып келеді. Мұның бәрі – жаңа қалыпты жағдай, керісінше – аномалия, әлемдік экономика. Табиғи аннуитет енді елдің әл-ауқатының тұрақты көзі болып табылмайды, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол үшін еліміз мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геоэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Бірақ, істен сөз көп екенін айтады Мемлекет басшысы. Дереу іске көшу керек. Олай болмаған жағдайда әлем экономикасында көш соңында қалуымыз мүмкін.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдеріне ерекше тоқталды.

– «Табысты осы жерден тауып, шетелде шашу» әдетінен арылу керек. Есесіне елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элитаға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады, – деген ол «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керектігін де айтты. Бұл өз кезегінде өз күшіне сенген, мемлекетке алақан жаймайтын мықты кәсіп иелерін қалыптастырмақ.

Кеңес отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы азық-түлік бағасына ерекше тоқталды. «Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр» деген ол ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқтығы азық-түлік инфляциясының басты себебі екенін атады. Оның артында импортқа тәуелділік те бар. Тіпті, сыбайлас жемқорлық схемалары да үнемі анықталуда.

Агроөнеркәсіп кешенін айтқанда Президент субсидия жайын да айта кетті.

– Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқып өмір сүрген. Ал, қарапайым шаруалар үшін субсидия алу – қияметтің қиыны, – дейді ол.

**«Халықтың табысы құнсызданып жатыр»**

Бұл да – Президенттің кеңесте айтқан сөзі. Ал, табысы құнсызданған халық несие алуға мәжбүр. Мұндай жағдай болашақта банктердің өзіне де қауіпті болмақ. Ал, өз кезегінде отандық банктер бизнес пен инвестиция үшін қолайлы жағдай жасауы тиіс.

Кеңесте айтылған үшінші мәселе – макроэкономикалық саясат. Соңғы бес жылда, тіпті, бюджетке 30 триллион теңге кем түскен. Сәйкесінше, салық саясаты ынталандырушы және икемді болуы керек екеніне де тоқталды.

– Қазір жаңа Бюджет Кодексі дайындалып жатыр. Осы ретте бюджет ережелеріне және оны мүлтіксіз сақтау қажеттігіне назар аударғым келеді. Мұндағы ең басты қағида – көрпеге қарай көсілу. Ұлттық қорға жармаса беруді доғару қажет, – деген Президент бұл ақша болашақ ұрпақтың қаржысы екенін қадап айтты.

Экономиканы монополиядан арылту кеңесте қаралған төртінші мәселе. Бүгінде нақты жұмыстар жасалып, нәтижесін де бере бастаған. Елімізде құрылған мекемеаралық комиссиялар заңсыз шығарылған активтерді қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру, адал бәсекелестікке жағдай жасаулары керек. Бұл – жаңа экономикалық саясаттың басты қағидаттары болмақ.

– Қайтарылған активтер мен мүліктер қолды болып кетпеуі керек. Барлық қаражат толығымен экономиканы дамытуға жұмсалуы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Біз адал әрі ашық жұмыс істейтін бизнес өкілдеріне барлық жағдайды жасаймыз, – деді Президент.

Президент бесінші мәселеде бірінші кезекте коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты түбегейлі қайта құру қажеттігін айтты. Мәселен, жылу-электр орталықтарының жартысынан көбі – қауіпті аймақта. Кейбір қалаларда тозу деңгейі 80% болса, елдегі жылу желілерінің орташа тозуы – шамамен 54%. Президент егер тарифтерді біртіндеп көтермесе, барлық қалалар мен ауылдар инфрақұрылымсыз қалатынын айтты. Бірақ, тарифті көтеру бірте-бірте жүзеге асырылуы тиіс. Ал, қымбаттаудан түскен қосымша қаржы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалады. Бұл мәселе жанар-жағармай бағасының қымбаттауына да байланысты.


2-бет


● ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# Ақтоғай ауданы тұрғындарының назарына!




Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына барады. Жұмыс сапары кезінде өңір басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 21 сәуірде сағат 11:00-де Ақтоғай ауылының мәдениет үйінде өтеді. Содан кейін тұрғындарды жеке қабылдайды.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) 2-10-66 телефоны бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша қалдыруға болады: be.makarim@karaganda-region.gov.kz.


## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

**2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады**

| Санаты | Мерзімі | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5848,50 тг | 5919,00 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3100,50 тг | 3111,00 тг |

**Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.**
**Анықтама телефондары:**
**Руслан – 8-775-482-22-02**
**Ботагөз – 8-778-846-00-01**
**Нұрсұлу – 8-705-902-04-05**
**Тел.: 43-57-89**
**E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru**


● ФЕСТИВАЛЬ

# «Қарағанды көктемі» шақырады!

«Қарағанды – қара өлеңнің қағбасы» деген сөз бар ел арасында. Арқадан түлеп ұшып, қазақ поэзиясының қыранына айналып жатқан тегеурінді таланттар мен кеншілер шаһарын думанға бөлеп жатқан дүбірлі шаралар бұл сөзге дәлел бола алады. Ал, 22-23 сәуір күндері Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, қала әкімінің орынбасары Ләззат Төкеннің жетекшілігімен өткелі отырған халықаралық «Қарағанды көктемі» атты поэзия фестивалінің жөні бөлек. Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры, ақын Жанат Жаңқашұлы мен ақын Асхат Қажытайдың идеясын Алаштың аймаңдай ақыны Серік Ақсұңқарұлы бастаған әдеби орта қоғадай жапырыла қолдап, осы ауқымды шараны алаулатып өткізгелі отыр.

21 сәуірде таңертең фестивальдің ашылу салтанаты мен аймақтардағы әдеби ахуал хақында келелі мәселелер ортаға тасталатын дөңгелек үстел Достық үйінде өтеді. Түстен кейін ҚарЛаг саяси-тұтқындар лагерінің мұражайына экскурсия жасалып, мұнда жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым етілмек.

Ал, кешке Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Студенттер сарайында дүркіреп поэзия кеші өтіп, қазақ һәм түрік жұртының белгілі ақындары арқырап өлең оқып, дүлдүл әншілер әуелете ән шырқайды.

Фестивальдің құрметті қонақтары қатарында Ekber Qoşalı (Azirbaizhan), Yılmaz Okuklu (Türkiye), Selim Yuhay (Türkiye), Хосият Рустамова (Өзбекстан), Ұлықбек Есдәулет, Ғалым Жайлыбай, Светқали Нұржан, Шаһизада Әбдікәрімов, Сұраған Рахметұлы, Ғазиз Ештанаев, Серік Елікбай, Бауыржан Бабажанұлы, Маралтай Райымбекұлы, Дәулеткерей Кәпұлы, Бағдат Мүбәрак, Танакөз Толқынқызы, Қалқаман Сарин, Сағыныш Намазшамова, Ербол Алшынбай, Айжан Тәбәрік, Мирас Асан сынды ауыздығымен алысқан алапат ақындар бар.

Ал, 22 сәуірде Қарағандыдағы «Қасым үйіне» экскурсия жасалып, жас ақындарды екі секцияға бөліп, дәріс оқылады және арасынан өлеңдерінің бәсі биік деген екі ақын таңдалады. ҚарУ-дың ректоры, меценат Нұрлан Дулатбековтің қолдауымен таңдалған екі ақынның кітабі жарыққа шығады.

Осы айтулы шара қарсаңында Қарағандыға ат шалдырғалы отырған ақындардан қонақ кәде ұсынғалы отырмыз. Мархабат!

**Редакциядан**




ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 494.88 ●**USD/KZT** 451.00 ●**RUB/KZT** 5.53 ●**CNY/KZT** 65.58

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 сәуір, 2023 жылғы дерегі бойынша

● ОНОМАСТИКА

# Ауылдарға қазақша атау берілмек

**Қарағанды облысына қарасты бірқатар ауылдық округ пен елді мекенге қазақша атау берілмек. Бұл туралы «Ашық» НҚА порталында жарияланған өңір әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен шешімінде жазылған.**




«Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылдық округіндегі Новостройка ауылы Атамекен ауылы болып өзгертілсін.

Осакаров ауданының келесі ауылдық округтері мен ауылдары:

Звездный ауылдық округі – Жұлдыз ауылдық округіне;

Тельман ауылдық округі – Нияз ауылдық округіне;

Звездный ауылдық округіндегі Звездное ауылы – Жұлдыз ауылына;

Николаевка ауылдық округіндегі Комсомольское ауылы – Қайыңды ауылына;

Қаратомар ауылдық округіндегі Сенакосное ауылы – Қаратомар ауылына;

Тельман ауылдық округіндегі Тельманское ауылы – Қаракөл ауылына;

Садовый ауылдық округіндегі Чапаево ауылы – Жаңатоған ауылына ауыстырылсын», – делінген облыс әкімдігінің қаулысы мен мәслихаттың шешім құжатында.

Шешім жобасы 27 сәуірге дейін көпшілік талқылауда болады.

**Өз тілшімізден**

# Сенімді серпілткен сегіз бағыт

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін» екенін де айтты.

– Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру. Бұл – ауылдағы ағайын ғана емес, қала халқы үшін де өте өзекті мәселе, – дей келе, үнемшіл болу керектігіне тоқталды.

Су мәселесі де жылу мәселесі тәрізді. Гидротехникалық нысандар әбден тозған. 200-інде төтенше жағдай туындау қаупі бар.

– Кезінде кейбір су қоймалары бұзылып, қайғылы оқиға болғанын білесіздер. Осындай жәйттің алдын алу үшін гидроқұрылымдар жан-жақты тексерілуге тиіс. Апаттық жағдайда тұрған және қараусыз қалған нысандарды бақылауға алу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап көрсеткен келесі проблема – қалалардың жағдайы. Бұл мәселемен әкімдер айналысуы тиіс. Одан бөлек, мүлік иелерінің қоғамдастығына өтуде қатты қателестік деген Мемлекет басшысы бұл асығыс қабылданған шешім дейді. Сондықтан, тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мақсатында әкімдер Үкіметпен бірлесіп, тығырықтан шығу керек.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент деңгейіндегі емес тағы бір мәселеге тоқталды. Ол бұралқы иттерге қатысты аймақтардан келіп түсетін шағымдар.

– Біз жануарларға мұқият болуымыз керек, бірақ олардың адамдарға, әсіресе, балаларға шабуылдауына жол бермеуіміз керек. Барлығыңыздан шара қолдануды сұраймын, – деді Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты.

**Ұлт қауіпсіздігі ұранмен шешілмейді**

Алтыншы мәселе – ұлттың денінің сау болуы мен сауатты болуы. Бұған қатысты Президент денсаулық сақтау саласындағы шешімін таппаған мәселе көптігін айтып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі осы саланы дамытуға тың серпін береді деген үмітін де жасырмады.



Ал, білім саласына қатысты ақпарат бойынша Қазақстан білім сапасы бойынша 80 елдің ішінде 50-60-ыншы орыннан көтерілмеген.

– Оқушылардың ҰБТ-дан алған бағасы мен мектептегі бағасы екі түрлі. Айырмашылық 30 пайыз немесе одан да көп болуы мүмкін. Мұның бәрі жаппай белең алған көзбояушылықтың кесірінен болып отыр. Өзіңді өзің алдау жарға жығады,– деген Қасым-Жомарт Тоқаев алған білімді объективті бағалау туралы ойлану керектігін де айтты.

Президент бала қауіпсіздігін, отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесін де айтты отырыс барысында. «Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау шараларын заңмен күшейту керек» дейді ол.

Жастардың жағдайы да – Президент назарында. Ол үшін Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілсе, оның 2,2 миллионы жастар болуға тиіс екенін қадап айтты. Ал, жастар кәсіпкерлігі үшін 40 миллиард теңге бөлінген. Оны қадағалау да әкімдердің тікелей міндеті.

Жалпы, Президент осы кеңес барысында барлық деңгейдегі әкімдерге жүктелер міндетті қадап көрсетті. Ауыл әкімдері де бұдан тыс қалмайды. Мәселен, жетінші мәселеде ауылдық өңірлерде табыс пен тұрмыс сапасын арттыру мәселелерін ерекше бақылауда ұстау қажет болса, Үкімет дайындаған Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыру үшін әкімдер барлық шараны қолданулары керек.

– Әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жолдарды жөндеу арқылы ауылдың тұрмыс сапасын жақсарту – әкімдердің басты міндеті. Ауыл тұрғындары таза сумен және тұрақты электр қуатымен толық қамтамасыз етілуге тиіс. Сондай-ақ, мобильді байланыс және интернет қолжетімді болуы керек. Елге қаптаған статистика емес, нақты нәтиже, жылдам интернет, сапалы байланыс керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сегізінші мәселе – мемлекеттік басқаруды түбегейлі жетілдіру.

– Біз министрліктерден әкімдіктерге функцияларды беруді көздейтін әкімшілік реформаның екінші кезеңіне кірістік. Шешімдер адамдарға және олардың сұраныстарына жақын жерде қабылдануы керек, – дейді Президент. Сәйкесінше, жергілікті өзін-өзі басқару әлеуетін күшейту қажет. Бұл тұрғыда көп нәрсе жаңадан сайланған мәслихаттардың жұмыс сапасына байланысты.

Президенттің айтуынша, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде 163 құжат бар. Оның әрқайсысы орташа алғанда 40 іс-шараны қамтиды. Тіпті, 2010 жылдан созылып келе жатқан тапсырмалар да бар екен.

– Мен соңғы кездегі жаһандық үрдістерді ескеріп, 2050 – Стратегиясын жаңартуды тапсырдым. Бұл ұзақ мерзімге арналған құжат болуға тиіс. Онда әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму жолындағы негізгі басымдықтар айқындалуы керек. 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары өзектілігін жоғалтты деп ойлаймын. Сол себепті жаңа құжат әзірлеу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Одан бөлек, Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тың тәсілдері қажет екеніне де тоқталды. Ол үшін тиісті стратегияны заман талабына сай қайта қарау керек. Сыртқы саясат тұжырымдамасы да жаңартылуға тиіс.

– Қазір – ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алды. Мұндай кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кеңге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін дереу іске кірісу керек. Тапсырмалар мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Алдағы жұмыстың басты өлшемі – осы! Баршаңызға табыс тілеймін! – деп аяқтады сөзін Қасым-Жомарт Кемелұлы.



● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Нәресте тынысын ашатын аппарат

**Жақында Балқаш қаласының орталық ауруханасына өкпені жасанды желдетуге арналған үш аппарат сатып алынды. Перзентханадағы интенсивті терапия бөлмесінің мұндай аппаратпен жабдықталуы шақалақтардың өмірін сақтап қалуға сеп болады.**

**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



– Жаңа туған нәрестенің өкпесін механикалық желдетуге арналған бес Т-жүйе перзантханаға алғаш рет әкелінді. Өкпені жасанды желдету – тыныс ала алмай жатқан жаңа туған балаларға қолданылатын қарқынды терапияның негізгі компоненттерінің бірі. Көп жағдайда жаңа туған нәрестелердің тыныс алу жолы жетілмей қалып, жасанды жолмен желдету әдісін қолдануға тура келеді, – дейді мамандар.

Айта кетейік, реанимациялық іс-шаралар көмегімен баланың жағдайын тұрақтандырғаннан кейін өкпенің қалыпты жұмыс істеуі үшін тіндерге оттегі баруын қамтамасыз ету керек. Сондықтан, келешекте мұндай аппараттардың санын тағы да арттыру жоспарда.

**БАЛҚАШ**

● ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

# Ветеринария – саулық пен салауат негізі

**Агроөнеркәсіптік кешендегі көкейкесті проблемалардың бірі – ветеринарияның пәрменді жүйесін құру, оны реформалау және Қазақстандағы эпизоотиялық жағдайды тұрақтандыру. «Облыс аумағында ветеринариялық саулықты қамтамасыз ету күн тәртібіндегі бірінші міндет» деп атап өтті өңірдің ветеринария басқармасының басшысы Қайырбек Тұрсынбеков facebook әлеуметтік желісінің тікелей эфирінде.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ветеринария басқармасы 2015 жылдың ақпан айында құрылған болатын. Ол кезде оның бағынысында тоғыз аудан, тоғыз қаладағы 18 ветеринариялық станса жұмыс істеді. 2020 жылдан мемлекеттік басқару жүйесіне тиісті өзгерістер еніп, бүгінгі таңда тоғыз ветеринариялық станса жұмыс істейді. Оның жетеуі – аудандық. Екеуі – қалалық. Қос қалалық ветстансаларда төрт филиал бар. Қарағанды қаласы бойынша Теміртау, Саран, Шахтинск қалалық филиалдары қызмет атқарып, басқармаға бағынысты болып есептеледі. Приозерск қаласы Балқаш қалалық ветеринариялық станса құрамында. Негізгі атқарып жатқан жұмыстары – эпизоотияның алдын алу іс-шаралары. Сонымен қоса, ветеринариялық-профилактикалық жұмыстарды атқару да күн тәртібінен түспейтін қызмет санатында.

Биыл 12 түрлі мал ауруының алдын алуға қарсы егу жұмыстары жоспарланды. Бурцелез, лейкоз бен туберкулез ауруының аллергиялық диагностикасы жүргізілетін болады.

Ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларға ауыл шаруашылығы хайуанаттарын аусыл, құтыру, сібір жарасының барлық түрлері бойынша алдын ала егу жұмыстары кіреді. Құс тұмауының алдын алуға бағытталған екпе жұмыстары кезек күттірмейді. Ақпан айында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде өңірлерге қажетті вет-препараттар таратылды. Дәрі-дәрмек көлемі көктемгі жұмыстарды жүргізуге жеткілікті.

2012 жылдан бері ауыл шаруашылығы дерекқор жүйесі қалыптасты. Онда тіркелген 483 мың ірі қара, 790 мыңдай ұсақ мүйізді мал, 303 мың жылқы, 78 мың шошқа, 900-дей түйе есепте тұр.

Бүгінде бұл салада облыс бойынша 670 маман қызмет етуде. Олардың ішінде жоғарғы білімді, орта білімді мамандар бар. Он айлық арнайы курс тәмамдаған ветсанитарлар да бар. Өткен жылы мамандардың айлығы облыс әкімінің қолдауымен 30 пайызға өсті.



– Биыл биологиялық қауіпсіздік туралы заң қабылданған. Осыған байланысты ветеринар мамандардың жалақысын 35-50 пайызға дейін өсіру тұрғысында жұмыстар атқарылып келеді. Мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті қаражат мөлшері Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолданған еді. Жалақының көтерілуі аталған салаға мамандар жұмылдыруға да игі ықпалын тигізбек, – деп хабарлады Қайырбек Серікұлы.

Материалдық техникалық жабдықтау бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Өткен жылы бюджеттен 148 млн. теңге қарастырылып, ветстансаларға 29 автокөлік сатып алынды. Оның жетеуі – Ұлытау облысына, 19-ы – Қарағанды облысына жеткізілді. Ветстансалардың өздерінің табыс көздерінің нәтижесінде тағы да 10 автокөлікпен қамтылды. Бұл да жаман көрсеткіш емес. Өткен жылды қорытындылай келгенде үш ветеринариялық станса құрылысы аяқталды. Бұлар Абай ауданындағы Дубовка кентінде, сонымен қатар Нұра ауданындағы Ахмет ауылында, Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде іске қосылып, бүгінгі таңда тиісті құжаттарын рәсімдеп балансқа өткізу жұмыстары Құрылыс басқармасы тарапынан аяқталуда.

Бұған дейін облыс көлемінде мал қорымдарының жағдайы күрделі еді. Оны біртіндеп жөндеу мәселесі де қолға алынып, 2021-2022 жылы бірқатар мал қорымы жөндеуден өткен. Оған бюджеттен бөлінген қаражаттың 18 млн. теңгеден астамы жұмсалды. Нәтижесінде, 2021 жылы сегіз мал қорымы қалыпқа келтірілсе, былтыр жеті мал қорымы жөнделді.

Бюджеттің бүйірін толтыруға өткен жылы 1 млрд. 970 млн. теңге қаражат қарастырылған болатын. Оның 1 млрд. 259 млн. теңгесі эпизоотиялық іс-шаралардың алдын алуға, 146 млн. теңге бірдейлендіру бағытына, 43 млн. теңге мал иелеріне өтемақы төлеуге жұмсалды. Биыл бұл бағыттардағы жұмыстар жалғасын табады.

Ветеринария жүйесін реформалау жөніндегі шараларды іске асыру Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық қажетті қаражатты бөле отырып, 2022-2026 жылдарға жоспарланып отыр.

Осы және өзге мәселелерді шешу бүкіл агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту үшін негіз болатын ветеринарияның сенімді жүйесін құруға мүмкіндік бермек.

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

# Бюджет әлеуметтік салаға бағытталады

**Өкілеттіктері шеңберінде өзекті мәселелер мен жинақталған проблемаларды шешуге ықпал етіп, халық пен билік арасындағы алтын көпірдей болған облыстық мәслихат депутаттары аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен 2023-2025 жылдарға арналған өңір бюджетін бекітті. Бұған дейін үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің жобасы мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысында және облыстық бюджет комиссиясында егжей-тегжейлі талқыланған. Әлбетте, облыстағы ахуал, тұрғындарының әл-ауқаты бюджеттен бөлінетін қаржыға тікелей байланысты екенін ескерсек, мәслихат төрағасы Нұркен Қобжановтың басшылығымен өткен сессияда қабылданған шешімнің қаншалықты маңызды екені белгілі.**

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»




### Бюджет қайда бөлінді?

Қаржы басқармасының басшысы Людмила Башаринаның айтуынша, 2023 жылға арналған облыстық бюджет жобасында түсімдер мен шығыстар бойынша өзгерістер ескерілген. Мұнда 2022 жылы облыстық бюджеттен бөлініп, өңірлер толық пайдаланбаған нысаналы трансферттер, салық және әкімшілік айыппұл түсімдері, одан бөлек, өткен жылдан қалған бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары да кірген. Сонымен, бөлінетін қаражаттың жалпы көлемінің 64%-ы экономиканың нақты секторына бөлінетінін айтады Людмила Викторовна.

– Бұл қаражатқа жылумен, сумен жабдықтау, су бұру нысандарын жөндеу және салу, коммуналдық шаруашылықты дамыту, қалааралық және қалаішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау көзделген. Одан бөлек, облыстық бюджет есебінен автомобиль жолдары жөнделіп, тұрғын үйлер мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салынады. Апатты су шаруашылығы құрылыстарын қалпына келтіруге және облыстың ветеринариялық станцияларының материалдық-техникалық базасын нығайту да назарда болды, – деді басқарма басшысы.

Облыстық қаржы басқармасының мәліметінше, бюджет қаражатының шамамен 30%-ы әлеуметтік салаға бөлінеді. Оған денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және жөндеу жұмыстары кіретінін айту керек. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізу, сондай-ақ білім беру, спорт және денсаулық сақтау нысандарын салу да осы 30% есебінен болмақ.

Облыстық бюджетті бөлу кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету назардан тыс қалған жоқ. Людмила Викторовна бөлінетін қаражаттың 5%-ы облыс аумағында осы шараны жүзеге асыруға қарастырылған деген ақпаратпен бөлісті.

Одан бөлек, Людмила Башарина облыстық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігін ұлғайту республикалық бюджеттен қосымша нысаналы трансферттер бөлу есебінен мүмкін болғанын айтады. Осылайша, облыс бюджеті 43,4 млрд. теңгені құрады. Ал, бөлінген 6,5 млрд. теңге мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбекақысын арттыруға, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға жұмсалады. Одан бөлек, эпизоотияға қарсы іс-шаралар өткізуге, денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, орманшылар қызметкерлерінің жалақысын арттыруға, ауыл тұрғындарына шағын несиелер және агроөнеркәсіптік кешен шеңберінде субсидиялар беру де осы қаражат есебінен жүрмек.

Облыстық бюджет қаражаты республикада бағалы қағаздар шығару есебінен де ұлғайғанын айту керек. Ол үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен кредиттік тұрғын үй құрылысы жобаларының тізбесі келісілген. Атап айтқанда, 4,7 млрд. теңгеге Қарағанды, Балқаш және Абай қалаларында кредиттік үйлер салынады.

### ONAY! тиімділігін дәлелдеді

Нұркен Қобжанов бюджетті тиімді атқарудың түпкі мақсаты азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсарту екенін айтады. Осы мақсатта биылғы жылдың бірінші ақпанынан облыс орталығын серіктес қалалармен байланыстыратын маршруттарда ONAY! электронды төлем жүйесі енгізілгенін білеміз. Оған Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай қалаларына және Шахан, Топар кенттеріне қатынайтын маршруттар кірді. Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы Мақсұт Қобжанов аталған бағыттарда жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде тарифтер бұрынғыша қалғанын айтады. Ал, электронды төлем кезінде – 80 теңге.

– Жүйе жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін жоғарылатты. Тариф төмендеді, кондукторсыз автобустарда жанжал да тоқтады. Ал, ONAY! мобильді қосымшасы арқылы қоғамдық көліктің қозғалысын онлайн бақылау мүмкіндігі пайда болды, – дейді Мақсұт Жолдыбайұлы.

Айта кетерлік тағы бір жағдай, басқарма дерегі бойынша жолаушылар легі де артқан. Яғни, бұрын тәулігіне шамамен 16 мың адам тасымалданса, көрсеткіш екі есеге артып, 33 мыңға жеткен. Электронды төлем жүйесін енгізу жолаушылар санын да нақты біліп отыруға әкелген. Бұл өз кезегінде жаңа қоғамдық көліктерді жаңартуға мүмкіндік бермек.



– Өткен жылы облыс тасымалдаушылары 69 жаңа автобус сатып алса, биыл тағы 175 көлік алу жоспарда. Оның 43-ін жоғарыда аталған бағыттарға жұмылдырамыз. Автобус отандық өндіруші QazTehna зауытынан алынады, – дейді Мақсұт Қобжанов.

Басқарма басшысы сондай-ақ, облыстың әлеуметтік маңызы бар қалалық, қала маңындағы және ауданішілік қатынастарының тізбесіне өзгерістер енгізу мәселесін де ұсынды. Мақсұт Жолдыбайұлы бүгінде тізбе 132 маршруттан тұратынын айтады. Бағыттарды қала және аудан әкімдіктері ұйымдастыратындықтан, солардың ұсыныстары негізінде тізбеге 12 жаңа қатынас енгізіліп, сұранысы жоқ екеуі шығарылады. Ал, екі маршруттың атауы өзгереді.

Одан бөлек, теміржол қатынастарына қатысты да ақпаратпен бөлісті Мақсұт Қобжанов. Ұлытау облысының құрылуына байланысты «Қарағанды-Жезқазған» және «Жарық-Жезқазған» маршруттарының статусы облысаралыққа өзгеріп, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құзырына берілмек. Дәл осы себеппен автомобиль қатынастары бойынша бес маршрут та тізбеден шығарылып, Ұлытау облысы әкімдігінің құзыретіне кіреді.

### Агломерация өңірді дамытады

2023 жылғы 1 қаңтардағы қабылданған «Агломерацияны дамыту туралы» Заңға сәйкес, Қарағанды агломерациясын құру бойынша жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқанын айтады облыстың экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева. Жалпы республика бойынша 5 агломерация болса, соның бірі – Қарағанды қаласы.

Біріншіден, агломерация орталығы болуы үшін 500 мың тұрғын болу шарт болса, Қарағанды қаласында 516,2 мың халық тұрады. Екіншіден, агломерацияға Қарағанды қаласынан 20 шақырым радиустағы елді мекендер, сондай-ақ Қарағанды қаласынан 30 шақырым қашықтықта, республикалық маңызы бар жолдардың бойында орналасқан ауылдық елді мекендер кіреді.

– Агломерацияға кірген барлық өңірлерден орталыққа дейін көлік қатынасы бар. Бірыңғай еңбек нарығы қамтамасыз етілген және өндірістік, әлеуметтік-мәдени функционалдық байланыстарға ие, – дейді Татьяна Юрьевна.

Жалпы, Қарағанды агломерациясына 5 қала және 28 ауылдық елді мекен кіреді. Адам саны – 800 мыңнан асады. Ауылдық елді мекендер Абай, Осакаров, Бұқар жырау аудандарының аумағында орналасқан.

Татьяна Юрьевна Қарағанды агломерациясының ерекшелігі – құрамына 4 моноқаланың болуында дейді. Сәйкесінше, халықтың жұмыспен қамтылуы да қала құраушы кәсіпорындардың қызметіне байланысты.

Қарағанды қаласын екінші деңгейдегі агломерациялар тізбесіне енгізу инфрақұрылымдық дамуды үйлестіруді жақсартуға, желілердің тозуы, көлік байланысына және экология мәселелеріне байланысты проблемаларды шешуге, сапалы білім беру қызметтерін ұсынуға, денсаулық сақтауды жақсартуға мүмкіндік беретінін айтып отыр басқарма басшысы. Бүгінде облыста Қарағанды агломерациясын дамытуды ұйымдастыру процесі басталған. Сәйкесінше, бес жылдық кезеңге арналған кешенді жоспар әзірленеді.

Сонымен қатар, сессияда депутаттар Абай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгерістер енгізу шешімін қабылдады.

### 92 нысан салынады

2023 жылы жергілікті бюджет есебінен 27 дәрілік зат және 13 ауру, 19 медициналық бұйым бойынша тегін қамтамасыз ету жүргізілетінін айтқан облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова облыстық мәслихаттан бұл тізімнен 5 назология бойынша 5 препаратты алып тастауды қарастыруды сұрады. Аталған препараттарды бұдан былай Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы бойынша «СК Фармация» ЖШС қаражаты есебінен алынады.

Сондай-ақ, басқарма басшысы облыста 92 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарға енгізілгенін де айтты. Оған 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт кіреді. Жаңа нысандардың құрылысы 57 мың ауыл тұрғынын сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

92 нысанның 42-сі – биыл, 50-і 2024 жылы салынады. «Жергілікті бюджеттен медициналық кадрларды тарту үшін 69 медициналық қызметкерге оның ішінде 50 дәрігер, 14 акушер, 5 фармацевтке 262 млн. теңге бөлу жоспарда» деген Бибігүл Райханқызы облыстық мәслихат депутаттарынан ауылдық жерлердегі медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуді сұрады.

Бибігүл Төлегенованың сессияда көтерген келесі мәселесі – облыс бойынша псориаз ауруымен ауыратын науқастарға «Секукинумаб» препаратын сатып алуды қолдау. Дәл осы псориаз ауруына облыста екі бала шалдыққан. Бірақ, аталған препарат «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру тізбесіне» кірмегенімен, орфанды аурулар мен оларды емдеуге арналған дәрілер тізбесіне енгізілген. «Секукинумаб» препаратының бір шприці – 273 мың теңге.

– Препарат псориаз ауруын емдеудің хаттамасына кірген. Аталған препарат әр пациентке алғашқы кезеңде аптасына бір рет, содан кейін айына бір рет салынуы керек. 2023 жылы әрбір пациентті қамтамасыз ету үшін 12 шприц яғни, 2 пациентке 24 шприц қажет. Сомасы – 6 млн. теңге, – дейді Бибігүл Төлегенова.

Аталған препарат үшін арнайы ақша бөліп те керек емес. Бұған дейін облыстық бюджеттің бөлген қаражатын үнемдеу есебінен сатып алатынын айтады басқарма басшысы. Басқарма басшысының бұған дейін нақтыланған және қарастырылған ұсынысын депутаттар бір ауыздан қолдады.

### Әлеуметтік жағдай – бірінші кезекте

Сонымен қатар, депутаттарға Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы комиссияның дербес құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат ұсынылды. Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің, Жастар ісі жөніндегі облыстық кеңестің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның, Терроризмге қарсы комиссияның, Жер комиссиясының, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның құрамы бекітілді.

Ал, Ермағанбет Қабдулаұлы бюджеттегі өзгерістер тұрғындарды әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын іске асыруға, жаңа жылыту маусымына сапалы дайындық мақсатында шаралар өткізуге мүмкіндік беретінін айтты. Одан бөлек, қалалық қоғамдық көліктерде балалардың тегін жүруі қамтамасыз етіліп, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары мектепке дейінгі мекемелерде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Аймақ басшысы Қарағандыда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндізгі стационар ашылатынын да жеткізді. Атап айтқанда, балалар күндізгі стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алатын шағын мекеме пайда болады. Ол 12 төсекке арналған.

– Биыл біз әлеуметтік жобаны – мүгедек балаларға арналған сыйымдылығы аз үйді іске асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл – біз алғаш бастаған өте маңызды жоба. Қазір дайындық жұмыстары жүріп жатыр, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сессияны аяқтаған облыстық мәслихат төрағасы қатысушыларға белсенді жұмысы үшін алғыс білдірді.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ДЕНСАУЛЫҚ

# Дәрумен бойға дәру

**Бас ауыру, әлсіздік пен шаршау, көрудің нашарлауы, анемия, аяқ-қолдың ұюы, тіпті, тахикардия сияқты ауру белгілері ағзада дәруменнің жеткіліксіздігінен болуы мүмкін. Ағзада қандай да бір дәрумен тапшы болса, ол авитаминозға әкеп соғады.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрігерлер авитаминозбен қатар, гиповитаминоз – дәрумен жеткіліксіздігі мен гипервитаминоз – оның мөлшерден тыс көбеюі жағдайларына назар аударады.

– Авитаминоз көптеген ауруларға алып келеді, – дейді Қарағанды қаласының №2 емханасының терапеві Фотима Нышанова. – Ағзаның дұрыс дамуы мен қалыпты жұмысына дәрумендердің қажеттілігі зор. Оның түспеуі аса қауіпті. Мәселен, қазір адамдар газды сусындарды көп ішеді, ол ағзаға тағаммен бірге түскен пайдалы заттарды сіңдірмейді. Қант диабеті себебінен де авитаминоз пайда болуы мүмкін. Баланың туғаннан бастап ана сүтімен қоректенбеуі, жеміс-жидек, көкөністерді қажетті мөлшерде тұтынбау да ауруға себеп болуы мүмкін.

Әдетте ағзадағы дәрумен тапшылығын терапевт дәрігер анықтайды. Пациенттер айтатын ауру белгілері көптеген дерт түріне сәйкес келуі мүмкін. Дегенмен, олардың нақты себебі қан талдамаларынан кейін анықталады.

Дәрігердің айтуынша, дәрумендердің негізгі бес тобы бар. Олардың қайсыбірінің жетіспеушілігін адамның бет-әлпеті мен жүріс-тұрысынан байқауға болады екен.




Мәселен, көз көруінің нашарлауы немесе дерматологиялық мәселелер мазаласа, ағзада А дәрумені жеткіліксіз деген сөз. Бас жиі ауырып, адам үнемі шаршап, әлсіреп жүретін болса, В1 дәруменінің мөлшерін тексерту қажет. Терінің құрғауы, еріннің жарылуы, анемия, себепсіз жүдеу В2 дәруменінің жетіспеушілігінің белгілері. Невротикалық белгілер, тик, зейіннің нашарлауы көп жағдайда В6 дәруменінің тапшылығын білдіреді. С дәруменінің жеткіліксіздігін тіс қызыл иегінің жиі қанауы білдіреді. Мұндайда тіс түсіп қалуы да мүмкін. Сүйектердің әлсіздігі мен деформациясы кезінде D дәруменін тексерту қажет. Терінің салбырауы, шаш пен тырнақтың сынғыштығы Е дәруменінің жеткіліксіздігін көрсетуі мүмкін.

– Дәруменнің мөлшері адамның қалыпты жұмысына, оның психо-эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Қазір авитаминоз үлкен кісілерден гөрі жасөспірімдерде жиі кездеседі. Бұл өсіп келе жатқан ағза үшін қауіпті. Дұрыс құнарлы тамақ жеу қажет. Әсіресе, осындай көктемгі уақытта, – дейді Фотима Нышанова.

● ҚОНАҚ КӘДЕ

**Акбер ГОШАЛЫ**
**Әзірбайжан Республикасы**

Арулар ұл, ақындар жыр жаратпақ,
Олар жырды, біз оларды парақтап,
Тербеткенде олар үміт бесігін,
Тербетеміз – өткен тарих шешімін,
Олар байрақ тігіп, көкке жайғанда,
Байрақ үшін бас береміз майданда,
Кілем тоқып, төсейді олар белдерге,
Жол тапсын деп сүйгені іздеп келгенде,
Жол саламыз тау қопарып, тасты ойып,
Ұлы халық өтуі үшін қасқайып,

Олар сұлу болу үшін жаралған,
Еркек – соны көру үшін жаралған,
Махаббаты сәуле шашып жанардан,
Жалықпайды сүйгеніне қараудан,
Қарағанда әйел махаббатпенен,
Қара тастың өзі гүлдей көктеген!

Біз де өлеміз, олар да өлер, анық та,
Әйелдерді саламыз біз табытқа,
Ал еркекті көктеуі үшін гүл шақта,
Салады олар, салады олар құрсаққа,
Еркек жүгін соны арқалап ақтайды,
Әйел бізді көз жасында сақтайды!

**Аударған Ерлан ЖҮНІС**

***

**Бұлттар мен жылқылар**

**Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ**
**Алматы**

*(Анам Роза Сейітжанқызы Салықбаеваға)*

Жылдар деген жылқылардан аумайды,
Тасыр-тұсыр тас төбемнен заулайды.
Тарпаң тұяқ тиіп кетер ме екен деп,
Қорқып кейде қап-қара тер саулайды.
…Сәби кезім саңылаулап ес кірген.
Сыртқа шықтым.
Ауыл күні кешкірген.
Аспандағы алаулаған бұлттарға,
Аңырдым мен аң-таң қалған кескінмен.
Бәрі – таңсық.
Қызылқұмар шақтамын,
Біле алмадым бұлтты кімнің жаққанын.
Көрдім бір сәт
Көп жылқының мен жаққа
Көше бойлап шауып келе жатқанын.
Қашу қайда,
Қорқу да жоқ ойымда,
Тұра бердім таңырқаған бойымда.
Алып-ұшқан секілденді асығып,
Сол жылқылар меніменен ойынға.
Алғашқы аттар ағып өтті қасымнан,
Қалғандары қарғып жатты басымнан.
Қарап қалдым бауырына аттардың
Аспандағы бұлттарымды жасырған.
Тасыр-тұсыр…
Таусылмайтын мол дүбір,
Жылқы жапты аспанымды, сөнді нұр.
Тас тұяқтар зу-зу етіп төбемнен…
…Құлағыма ащы дауыс келді бір!..
Жалт қарасам –
Қолын созып тұр Анам,
Жанары – жас…
(Неменеге жылаған?).
Жете алмайды, жолын бөгеп
жылқылар…
Көп тұяқтың астында – мен,
дін – аман!
Жылдар деген жылқылардан аумайды,
Тасыр-тұсыр тас төбемнен заулайды.
Тарпаң тұяқ тиіп кетер ме екен деп,
Қорқып кейде қап-қара тер саулайды…
«Үшке шыққан кезің, дейді, сонда», –
Анам,
Бүгін міне отыздамын!..
Толғанам…
Анам кеше тағы кірді түсіме,
Қолын созып жете алмай тұр
ол маған...

**1984 жыл. Мәскеу**

***

**Ұлытауымның дара шыңында**

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ**
**Астана**

Ұлытауымның дара шыңында
Ұлтыма біткен бар әлем.
Қараша айының қарашығында
«Қарғам-айлаған» қара өлең.
Сарыарқа жақта сағым биледі,
Желпініп кейде жел ессе.
Жанымның жалқы жалын күйлері



Дүбірің сенің емес пе?
Арғымағым-ай,
Ар қанаттым-ай,
Аламан көрген ақ таңда.
Жарығы жанда жатталатындай
Баяны мәңгі бақ бар ма?
Тізгінін тарттым қаракерімнің,
Бір күнім аумай бір күннен.
«Қарғам-айлаған» қара өлеңімнің
Кекілін сылап тұрмын мен...

Ол десе, кеулің – ымырт, түн.
Қайыршы болып қасыңа келіп
тұрғандай,
Қалтаңа қолың жүгірттің...
Ұлылық қой Ол!
Алдынан апан қаздың не,
Аттап өтеді, тап шыным!
Жұмырдай едің, жүдеп те кеттің
аз күнде,
Қырынғаның жөн, жақсы інім.

**Серік ЕЛІКБАЙ**
**Павлодар**

Тағы да...
Мені ысқырып ояттың
Сөзін айттың... естімеген аяттың.
Ал отырмыз үшеуіміз
Мен, сен және тоят-түн.
Аңсар түннің езуінен жыр ағып,
Тартады ындан құлағын



# Қарағанды – қара



Кетпейтін кесепат есіңнен,
Ницшенің
Сорабы меңгерім.
Белгісіз.
Қанаттар жұлынды түлеп,
Аспан ашулы.
Өлеңдер етпеттеп құлайды, тасқа
басулы.
Жылайсың бір сәтке құлаған
құныңды сілеп,
Өмір болмаған мүлдемге,
Көңіл бәс таласулы.
Бәдізден оянды құлын кісінеп…

***

**Өлең**

**Светқали НҰРЖАН**
**Маңғыстау**

Шертемін көңілімнің мың ырғағын,
Біткей деп жыр жолында ғұмыр-дарын.
Мендегі бұла күшпен жаңбыр қылып,
Көктемнің бұлттарынан жыр ұрладым.
Төбемнен ән-ғұмырлы құстар ағып,
Бойыма жатқан шақта күш қамалып –
Шумақтап өлеңге атып жіберемін,
Даланың шылбыр-жолын ұстап алып.
Бәріне еркін барып, еркін келем,
Жанымнан іңкәрліктің дертін көрем.
Мен жазар жырды теңдеп
жетті бір күн,
Бура-бұлт шудалары желкілдеген.
Жамырап жұлдыз біткен жауды маған,
Шашу ғып қайта шашты таулы далам...
Ғажайып өлең сөйлеп кетті бір күн
Қалқаның жанарынан жаудыраған.
Жатады дүние сыры алдыма кеп,
Жанарым салмағай тек қалғып әлек.
...Қараймын тал бүршігін таңда тұрып,
Бір өлең жасырынып қалды ма деп!

**Сәуір, 1980 ж.**
**Қарамандыбас қыстағы**

***

**Ұлылық**

**Шаһизада ӘБДІКӘРІМОВ**
**Қызылорда**

Жалғанды мынау жонынан басып
жүр кімдер?!
Сен де бір соның бұласы.
Өзіңнен биік екенін Оның білдің де,
Өртеніп кеттің, расы.

Айырылып қалып кешегі кербез
талтаңнан,
Қысылмас жерде қысылдың.
Ол болса сені «өзім» деп қақты
арқаңнан,
Аяды ғой деп түсіндің.

Аяды ғой деп ашындың, азап –
бұл да бір.
Бұрылдың ойға ғажап кіл:
Қалай да оны құлату керек, тұрмағыр,
Жылату керек, көзі аққыр!

Сүдінің қашып, сағың да әбден
сынғандай,
Қасарысқанмен қанатын жаймас
дарағың,
Сен жүрер қанша жол әлі.
Мойындай қойшы,
Мойындашы Оны, қарағым,
... Өзіңе жеңіл болады!

***

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ**
**Ұлытау**

Ойлы күнім пара-пар боп ғасырға,
Шамырқансам іс шапты де насырға.
Уысымда уатылып тасың да
Аспан, жердің арасында майдан сап
Айналамын жасынға.

Жерұйыққа жаным сапар шеккенде,
Шаттанамын.
(Ондай шақтар көп менде)
Айналамын көк бояулы көктемге
Маңдайымнан мамыр сипап өткенде.



* * *

Шатысады дүние кең дегендер,
Мына әлемге әзер сыйып тұр жаным.
Құдай!
Маған өлмейтұғын өлең бер.
Тек сол үшін ырзамын.
Ғұрпы бөлек, ғұмыры ұзақ өлең бер,
Қолым жетсе, Ай бетіне жазамын.
Көп ішінен шыққан өңшең «кемеңгер»
Аспан жаққа аударсын деп назарын.

Аспан жақтан оқылғанда сол өлең,
Жылап тыңдар жыр қадірін білгендер.
Сонда ғана жоғын табар деген ем
Жоғалтқанын жерден іздеп жүргендер.

Құдай!
Маған өлмейтұғын өлең бер.

Уілдейсің «тұр-тұр» деп,
Ес-кірпігі еңкейіп,
Құлқым жоқ...
Жымиытпақсың, болмасаң да күлегеш
Қырау сөздер қолдан тайғыш құр-елес
Ой бесігін тербедік...
Тамырынан танылады жыр елес
Күрсінбеші күрең ес!
Бұрыштардан боз сұлбалар көрініп
Ай бетінде бөрі ұлып
Шылым шектік ерігіп...
Сосын... және шай іштік
Ары қарай төңкерілгенде Ай үсті
Жұлын іші қара сөзге қайысты...
Түтін бояу сейілгенде түндерден
Күн шолпысын шығыс жаққа ілгенде.
Ол... ол... жоқ боп кетті бір дем де
Ал, мен...
Ал, мен... ұйқы өлімге беттедім,
Астыма сап шабытымның шекпенін
Кірпігімнен қанат қағып,
ақылымның кептері
Еріп бара жатқан кезде көк көңіл...
Түн ізі бар маңдайында
Парақ жатыр, қалам тұр...
Қағаз беті уыс-уыс қалампыр
Кешегідей жанар күн...

***

**Бәдіз өксиді**

**Сұраған РАХМЕТ**
**Астана**

Құстар қанатын жыртады көкте,
Аспан ашулы.
Ана құрсағын өпкен қасында,
Басқа ғасыр жүр.
Өктем тұрпаттар кілең дестеге
жасырынады,
Ішінде цифрлы құрттар құжынап,
Бастар ашылды.
Топшысын бұлт қаққан құстар ашулы,
Бізді қорғайды екен-ау ауа
қабатындағы сүзгі.
Күннің қабығын сыпырып алады,
Шыңдар ұстара сынды.
Қимыл.
Мидың өзектерінде құзғын,
Батпаққа сүйрейді бағзы нұсқа
басыңды.
«Мәселе шешілді дедің бе?» –
жұмбақтар жасырған,
Діңгектер кесінділерінде басылған
ғасырлар.
Ғасырлар қабаты – уақыттар шеңбері,
Сөйлейді алыстан, кесілген
діңгектер меңдері.

***

**Терісаққан**

**Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ**
**Астана**

Көріп жүріп жақсы менен жаманды,
Мына ойға бекідім мен кеше бір:
«Аяймын мен дұшпаны жоқ адамды,
Оның сүріп жүргенінің несі өмір?!»

Жиын тойда жоқ болсын деп
дұшпаның,
Тілек айту, дәл меніңше далбаса.
Мен қалайша тізгінді нық ұстадым,
Анабіреу аяғымнан шалмаса.

Бәрі-бәрі соның ғана арқасы,
Назар салып қарап жатса маған да ел.
Тағы ор қазып, езіп жүр ол малтасын,
Өй, жарайсың азаматым, аман бол.

Кейде удай ашып тұрып өзегім,
Жақынымдай жақсы көрем әлгіні.
Шыным маған көмгеннен соң Бөжейін,
Аянышты Құнанбайдың тағдыры.

Түсінбеймін әй мына жұрт не дейді,
– Дұшпан деген көрер көзге
күйік! – деп.
Мені аяқтан шалатындар көбейді,
Күннен күнге барамын мен биіктеп.

Көріп жүріп жақсы менен жаманды,
Мына ойға бекідім мен кеше бір:
«Аяймын мен дұшпаны жоқ адамды,
Оның сүріп жүргенінің несі өмір?»

Мұндай пікір айтқан дейді бұрын да ел,
Қайталауды намыс көрген емес ем.
А,Тәңірім дұшпаныма ғұмыр бер,
Мен елеусіз қалып кетсін демесең...

***

**Автопортрет**

**Маралтай РАЙЫМБЕКОВ**
**Алматы**

Сүлейменде аң мен құсқа зар айғып,
Өз басымды өз жырыммен қарайтып.
Опат болып оты сөнген ғаламдай,
Жанға дәру бір сәулені таба алмай.
Ойларымды жинай алмай шашылған,
Мен уақыттың өтіп барам қасынан.
Мұң түбінен дос таппаған мұңлықтай,
Ар түбінен жар іздеген зарлықтай.
Қаңырадым сауап емес обалдан,
Тәж Махалдай жауһттары тоналған.
Менің жаным сүйкімді бір ботаның,
Жүрегіне түсіп кетті, о жалған.
Көр ішімен тәнімді ертіп келем Мен,
Жанымды іздеп жер бетінде жоғалған.
Сәуірдегі қар астында қалған гүл,
Ол да мендей, қауызында арман тұр.
Армансызға орын тимес жалғаннан,
Мен де көптің бірімін бе алданған.
Шөл шөбіндей тамыр тарттым тереңдеп,
Ажалымның арашасы – өлең деп.
Не бүлдірдім, не тындырдым кіммін –
Мен,
Отызға кеп иек сүйеп тұрмын Мен.
Бар ма, жоқ па бұл өмірге керегім,
Мен не дедім, сен не дейсің өлеңім.
Достарым да, дұшпаным да байқаған,
Мен бір істің ақиқатын айта алам.
Арасында фәни менен бақидың,
Менің ізім жол боп қалды ел танитын.
Қыл ішегіне шыбын қонса, мұң құлап,
Қоя берер сай-сүйегің сырқырап.
Сүтке тамған қызыл түсті сиядай,

Менің қобыз жүрегімнің қиягы – Ай.
Жанарларын құбылаға қадаған,
Жайнамазын төсек еткен бар адам.
Жан – аурасы шайқалмаған жарандар,
Мен өзіме ұқсаймын ба, қарандар!

***

**Дәулеткерей КӘПҰЛЫ**
**Астана**

Жанторсығымды жанға алған,
Жүрісі шайқап жорғамның.
Байқамай жүрсіз, қалай Сіз?
Көңілде неге тұрып алдыңыз
Тұрып алдыңыз мызғымай?
Хатыма, бәлкім, күліп алдыңыз
Күлмейтін шығар Күз бұлай.
Тағдырым осы – шатпақтап шығар
Сөйлесе іште бір өкпе.
Атың аталса атқақтап шығар
Не болған мына жүрекке?
Жынданып адам кетеді екен ғой,
Жұтып алғандай жасынды.
Қас қағым бір сәт жетеді екен ғой,
Жоғалту үшін басыңды.

Өзегін удай күйдіріп,
Көлге ащы жасын құяды.

Келемін өрге ылдидан,
Кезегім келді, ай, тағдыр!
Әулиекөлге кір құйған,
Заманның өзі сайтан-дүр.

Мәдидің асау бұлттары,
Нардай шөк тауға бұрылмай.
Жанарға толсын шық тағы,
Әулиекөлдің суындай.

# өлеңнің қағбасы

Таңдайға татып саумал дәм,
Таңалды атқа қонғанмын.
Өткелсіз өзен кештім де,
Жағаға шықтым жар бойлап.
Берері қиын бес күнде,
Жалтарып қайтем, жанды ойлап?!
Танытып арман таң ширай,
Атымнан түсіп қалмадым.
Салымы қайтқан аңшыдай,
Салымды суға салмадым.
Қабырғалатып қар кештім,
Ат кірпігіне мұз қатқан.
Қасқырдай қызыл қанға өшпін,
Қорқаудың жанын сыздатқан.
Таңғы бір нәсіп Тәңірден,
Жортуыл да көп, жол қиыр.
Әкешім берген әмірмен,
Ертеңім болды елге үйір.
Дәуренім осы, шіркін-ай,
Жығасын күннің түн жықты.
Тебіндеп шыққан жылқыдай,
Теуіп жеп келем ырзықты!

***

### Алып шаһар

**Бағдат МҮБӘРАК**
**Алматы**

Күрең күз сән-салтанат құрғанменен,
Сәмбі талдан үзіліп ырғалды өлең.
Алматыға келерде өз-өзіме:
Сені күтіп отырған кім бар? – дегем.
Алып шаһар бағым ба, сорым ба еді,
«...екі аяққа дамыл жоқ» – соның кері.
Маңдайымнан сипаған, «байқап жүр» деп,
Сен аман бол, Арқаның қоңыр желі...
Көктөбеге өзіңді көгендесең,
Мендей ғашық болмашы өлеңге, сен.
Үй салатын жер де жоқ онысы аздай,
Кеңсайда да орын жоқ, өлем десең.
Алдағанын сеземін арбағанын,
Уәде еткен Ұят пен Арға – жаным.
Алматыға күн сайын ғашық болып,
Алматыға күн сайын таңғаламын.
Құрастырған өлеңді құндағынан,
Формасынан танимын, ырғағынан.
Сөйтіп жүріп санайтын өзін мықты,
Байғұсты да аяймын біржағынан.
Барған сайын деп айтқан: «сөйле, көкем»
Тоқырауын, не деген керемет ең!
Есентайға бірдеңе деуің үшін,
Есенғали болуың керек екен.
Мизам шақ – жаздың соңғы үзген демі,
Кейде қайтқың келеді, ізбен кері.
Жастары да сияқты көңілсіздеу,
Мастары да момындау бізден гөрі.
Тілін таба алмаған небір адам,
Алатаумен сырластым – көңілі алаң.
Ақсораңды білемін, бауырым ғой,
Шатыршаны танимын, – деді маған.
Талай жігіт өзгерді өзіне кеп,
Бүгінде сөзі бөлек, бөзі бөлек.
Миллионның ішінде нұрын шашып,
Сен түсесің, – деді ғой көзіме көп.
Сүргенім, сүреңсіздеу өмір еді,
Соны ойласам, қабырғам сөгіледі.
Біреуді іздеп жүремін,
Сол кім екен?
Өзіме де қызық боп көрінеді.



***

### Осылай да адам сағынады екен

**Танакөз ТОЛҚЫНҚЫЗЫ**
**Астана**

Осылай да адам сағынады екен,
Сағынады екен, Тәңірім!
Жылауға себеп табылады екен
Жүрекке жүрмей әмірің.
Мүмкін екен ғой құлай сүюің
Құлай сүюің абайсыз.
Жүректің Сізді бұлай сүюін

***

### Туған ауыл

**Қалқаман САРИН**
**Өскемен**

Туған ауыл, сен үшін тер төкпедім,
Кешір мені, кеш мені, сен текті елім!
Бір сағыныш мазалап ертелі-кеш,
Жүреді ылғи жанымды өртеп менің.
Туған ауыл. Бәрі есте... Балалық шақ,
Қалаға кеп қаңғырдық қалам ұстап.
Кешір мені, күнәсіз балалығым,



Қала алмадым ауылда саған ұқсап.
Қатты маған қызуың күннен сенің,
Сағынышым өзіңсің, мұң мен шерім.
Қайран ауыл, қалдың-ау үзіп алып,
Жұдырықтай жүректің бір бөлшегін.

Тұрғанда жасыл өлке жырға тұнып,
Көшіріп алушы едім, қырда отырып.
Жауһардай жырға құмар жүрегімді,
Алар ма ем, тұнығына бір батырып.

Көнермес қасиет бар келбетінде,
Сағынтар жалғыз мекен жер бетінде!
Ауылым, сенен алған тұнық сезім,
Жанымды бір ән болып тербетуде.

Бәрі есімде бал ғұмыр, бала кездің,
Арман қудым. Ат міндім. Дала кездім.
Қазыналым, қымбатсың маған мәңгі,
Қарашығы секілді қара көздің!

***

**Сағыныш НАМАЗШАМ**
**Талдықорған**

Оңайы – өзгелерді күстәналау,
Алдымен ішіңе емес, тысқа қарау.
Ол дағы – жазды күнгі қурап тұрған
бір мая шөпке қарай ұшқан алау.
Үнемі өзгелерден күдіктену,
Ол дағы – жүрегіңе іріккен у.
Күдігің үсті-үстіне жамалған соң
Жүрегіңде басталар мүліктену.
Өзіңді биік көріп, масаттану,
Ол дағы – ібілісің асатқан у.
Сол удың уытына мас болып қап,
Өзге емес өз-өзіңе тас атқаның.
«Сен», «Ол», «Мен» бөлінбейді –
Санада «Біз».
Көз көрген алдамшыға қарамаңыз.
Біз жайлы айтады ертең Уақыт пен
Кеңістік түйісетін ауадағы із.

***

### Әулиекөл

**Ербол АЛШЫНБАЙ**
**Астана**

Қарқаралыда тас тұнба,
Баянсыз күннен кем жүдеп.
Мәдидің бұлты астында,
Әулиекөл тұр мөлдіреп.

Әулие аз ба ол маңда?
Шалқыған сәуле кемері.
Заманнан заман озғанда,
Шайтанкөл дейді неге оны?

Басына таудың байланған,
Шағырмақ бұлт – жібек құс.
Қарқаралыны айланған,
Сол бұлт әлі жүр өксіп.

Бауырын шыңға сүйдіріп,
Сынғанда бұлттың қиягы.

***

### Жазғы элегия

**Айжан ТӘБӘРАК**
**Астана**

Қазан ауса, қаз да ауады даламнан,
Қаздар ауса, жас боталар жанардан.
Күзге қарап күндер үшін күрсінем
Құшағында қайтыс болған бар арман...
Қанша бақыт уысымнан сырғыды?
Уақыт көшпей ұқпаймыз-ау, біз мұны.
...Әлдекімге сенуден де осылай
Шаршаймын деп ойлап па едім
бір күні.
Өз сезімім кейде өзіме бөтен боп,
Мен осынша неге сендім екен деп,
Қалтыраған жапырақты бағамын:
Жел үф етсе жерді қалар мекендеп.
...Алакеуім билегенде өңірді,
Құлазытып кетеді ылғи көңілді.
Менің жалғыз қателігім о баста:
Өлең екен деп ойлаппын Өмірді...

***

### Менің әдеби ортам

**Мирас АСАН**
**Астана**

Ақындарым – сендер менің дос елім,
Тұрғынымын сендер тұрған көшенің.
Сендердікі менің жүріс-тұрысым,
Сендердікі менің қисап-есебім.



Сендер десе қасындамын Күн, Айдың,
Ұларбекше қара Ертіске құлаймын.
Өлеңімді Русланша оқимын,
Сағатымды Бақытжанша сұраймын.
Сендер десе ақын сынды бар ғалам,
Муза-аруға мен сендерше арбалам:
О, пәлі деп Ерланша сүйсінем,
Кетәрі деп Бағдатша таң қалам.
Қиялдарым қарагері Мерейдің,
Қияндарым ақ өлеңі Дәбейдің.
Келешегім – миы Ақберен шайырдың,
Бағзы күнім – үйі Дәулеткерейдің.
Бұтағымын Танагөздік дарақтың,
Тұтқынымын Құралайлық қораптың.
Кітаптарым момындығы Олжастың,
Ұйқастарым төбелесі Жанаттың!..
Ақындарым сендер – етім, сүйегім,
Сендер мен деп, мен сендер деп
күйемін.
Мен иттерді Ақсұңқарша жек көрем,
Мен өмірді Жадыраша сүйемін!
Сендер десе ми, жүрекке елшімін,
Сендер десе мейірімге қоңсымын.
Жәнібектік итмұрынға туыспын,
Ұларбектік кейіпкерге көршімін.
Кейде қоям өздерінше шашылып,
Кейде қалам өздерінше басылып...
Сағынтайша шертем «Көңіл толқынын»,
Дәурен сынды тебем допты ашынып.
Бар ғаламның қайғы-мұңын артып ап,
Қалам кейде жан дүнием қалтырап.
Қаламақы алмасам да көк тиын,
Қалқаманша жүрем топта жарқырап.
Сендер десе күш алады жан қайрат,
Сендер десе шабыт бұрқақ, ән байрақ.
Тоқтап қалған көшпенді рух оянам,
Тоқтарәлі жылқыларын көлге айдап.
Айтылмаған ақындарым әлі көп,
Өмір сүру қандай қызық бәрі боп!
О, әдеби ортам менің бол аман,
Сендерге тас атқандарға лағынет.

**Сарыағаш, 2020 жыл**

Айқарманы әзірлеген
**Жәлел ШАЛҚАР,** «Ortalyq Qazaqstan»

# Өлең оның – «ішке жұтқан көз жасы...»

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,**
**Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері**




Кеше бір жас жазарман телефон шалып, «сіз, біздерден кімдерді мойындайсыз осы?» – дейді. «Менің көзіме ілігіп, көңілімді көншітіп жүрген Маралтай ғой?» – деймін шынымды айтып. «Мен оны мойындамаймын!» –дейді анау. «Ол сенің «мойындауыңа» қарап отырған жоқ қой?!» – деп, телефонды тастай салдым сасқанымнан... Содан ол маған қайта-қайта телефон шалсын. Көтергем жоқ... Бір кезде WhatsApp-қа: «Аға, Сізді жақсы көрем ғой! Артық кетсем, ғафу етіңіз?» – деп жазып жіберіпті, бұ да санасына Тәңірінің сәулесі түсейін деп тұрған бала болуы керек тәрізі? Іштегі сұпсуық өкпе, мұздай реніш сол сәтте-ақ еріп кетті...

Сол күні маған Дәурен Берікқажы бауырымның баспаға дайындап жатқан жаңа кітабының қолжазбасы электронды поштамен жеткен. Келген бетте оқи жөнелдім. Бір кезде ол «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорында (президенті Исламбек Салжанов) жұмыс істеген. Өзінің том-том дүниесін шығарам десе, қолынан ешкім қақпайды. Бес-алты талантты жас ақын-жазушының кітаптарын шығарып берді. Мені де қолқалап жүріп, 1984 жылы жалғанның жарығын көріп, ұмытылуға айналған «ХХ ғасырдың 20 сәтін» осы жігіт қайта шығарып беріп еді (2000 ж.). Көкжиегімізде қазақ руханиятының осындай қызғыш құстары көкке қарай қанат қаға берсе, қазақ мемлекетінің ғаламдағы орны елден ерекше болар еді! Әдебиетке қызмет ету – қасиетті іс. Егер жас қаламгердің жан дүниесін әдебиет маған қызмет етсін дейтін пенделік пасық ой жаулап алса, оның Алашқа айтар сөзі, ағытар сыры да болмайды! Халтурщиктер осындай типтерден күшіктейді!

Бұ жігітті сыртынан қарап жүруші едім, әдебиетке деген көзсіз адалдығы ұнаған. Жас жазарманның көбісі бізге өз өлеңін ғана оқып, мақтау дәметіп, онысы ойынан шықпаса, ағаларын «ата жау» көріп алады ғой?! Мына жігіттің жөні олардан, мүлде, бөлек, сарнап, Өтежан мен Есенқұлын оқиды да отырады...

Оның қолжазбасын сыдыра оқып шыққан соң... (Маралтайды ұмытып!), осы Дәурен Берікқажыны жанымдай жақсы көріп кеттім *(ертең тағы кімге жан тартып, тағы кімді аспанға шығарып жіберетінімді қазір өзім де білмей отырмын... Оны бір Құдай біледі енді?..).*

«Тиыны болмайтын ақырғы,
Үйлері қып-қызыл шатырлы –
Бәрі – ақылды, бәрі – ақылды.
Ешқашан тоңбайтын қолдары,
Бола да беретін жолдары,
Сол тағы... сол тағы... сол тағы!
Ақпанда аты да – ақ, заты да – ақ,
Бар шашын ағартқан жатып ап,
Мен – жалғыз ақымақ...»

Бұл кітаптың алғашқы бетін ашып жібергенде көзге оттай басылған өлең. Есенғалидың өлеңі емес, менің де өлеңім емес, Дәуреннің өлеңі. Өз өлеңі! Қазіргі ақындарға қарасаң, Алаш түгілі, адамзаттан да әзер туатын Қадыр Мырза Әліден де «ақылды» ғой? Ал, мынау жұмыр басын ойға да, қырға да соғып, өзінің «ақымақ» екенін әбден түсінген Һәм соны өзінен де, өзгеден де жасырмай, айта алатын шәйір екен, – ішің жылып қоя береді. Ақыл-ойы соған жеткен екен *(өзі емес, өмірдің өзі көзін соған жеткізіп!)*, нағыз Ақынға айналған екен!

«Ақын...» демекші... Қызыларайға менің жас кезімде келін боп түскен, Ғизатолла деген досымның Шолпан Башарова деген қылықты келіншегі бар еді, сол ФБ-дағы немереміз екеуіміздің суретімізді көріп; «Өзіңе тартқан ұлы жазушы, тіл жетпес дарын иесі болсын, құлыншақ!» – деп жазыпты. Бірге өскен құрбының игі тілеуі ғой? «Мен – қағаз, қаламнан қажыған адам, оның қызығы мен шыжығын, бейнетін де бір кісідей білетін кісімін ғой: «Бір тұқымға бір ақын жетеді! Жазушы болмағай! Жазушы болам деп... жазарман боп кетсе... елге не бетімді айтам, Шолпан?! Азамат болсын десеңші? Күйкі бір пенде болмай?! Гуд бай!» – деп жазып жібергем осының алдында.

Расул Ғамзатовтың айтқан бір сөзі бар, «ақын деген – екі түрлі болады, біреуі – жазатын ақындар, біреуі – жазбайтын ақындар»,– дейді ол. – Осы екеуінің қайсысы мықты? Меніңше, жазбайтын ақындар мықты! Өлең жазудың техникасын меңгеріп алып, ел-жұрттың миын ашытатын жазармандар емес, Періштеден сәл төмен, пенделерден мың есе биік, Тәңірінің тізесінен келетін Азаматқа ешкім жетпейді деген сөз ғой – бұл? Мына жігіттің санасына Тәңірінің сәулесі түсіп, жүрегіне көктен Қасиетті кітаптардағы періштелер ұшып келіп, қонып жүреді екен: «Атың мұндай болғанда, затың қандай?!» Деп айтуға сол кезде дәтім бармай, Қаншама жыл өзімді тұншықтырдым, Ішке жұтқан көз жасын ақындардай...» – дейді Дәурен Берікқажы. Кітаптың атына қараңыз: «Ішке жұтқан көз жасым...». Тағы бір таңғаларлығы, ол өзін ақынмын деп тұрған жоқ, – «ақындардай!» – дейді – өзін «Поэтка» дейтін Юнна Мориц сықылды!: *«Поэтов делю на хорошеньких, Хороших и очень хороших... А я – совсем не хорошенькая И, вообще, Поэтка. Поэтка – и больше некому носить это имя, детка!.».* Ал, керек болса?! Юнна Мориц пен мына Дәурен Берікқажыға дауа жоқ екен!

«Қажет кезде өп-өтірік надан боп,
Бұл қазақты алдамаған адам жоқ! – дейді ыза болып! Арқаң шымырлайды! Неге шымырлайды? Оны да қазақ білмейді әлі,– Құдай біледі!

...Осы мен не жазып кеттім? Дәуреннің өзі сөйлей берсінші, бұған орта жолдан қосылып алып, менікі – не?

«Адамнан гөрі әруақ жақын бұл күнде,
Зор шемен жатыр зорланып
шыққан күлкімде.
Қар басып қалған қараша да бір,
мен де бір –
Қап-қара шашы ағарып кеткен бір түнде.
Өсімдік сынды хошы жоқ өскен
дәрімен –
Көңілім қалған жақсы дегеннің бәрінен.
Тұрпатым мынау ызалы қасқыр сияқты,
Қорқау біткеннің зәресін алған зәрімен.
Таңғалып елге жақсы күндерден дәмелі,
Сәт сайын менің ішімде бір үн өледі.
Бүгінгі қыртпен өмірім өтті-ау алысып,
Ертеңгі құрт пен құмырсқалардың
қорегі...».

Ибраһим Құнанбай Азия-Анасының ғана емес, сонымен қоса Еуропаның да емшегін тел еміп, Абай болып кетіп еді! Мына жігіт те сол Абай жолымен келе жатыр. Алла алдын жарық қылғай! Кеудесінде – Абай зары, көкірегінде – Абай шері! Меніңше, қазақ поэзиясы ғана емес, исі қазақ қайда барса да осы Абай жолымен жүруі керек-ті! Мына ақын да «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» – деген хакім Абайдың темірқазығын маңдайға алып шығыпты:

«Құдай бәрін көрсетіп, жадымды
өшіріп тастады:
Есімде жоқ Манхэттеннің аспаны,
Есімде жоқ қай метроны тосқаным,
Есімде тек көшелердің тастарын,
Бродскийді ойлап басқаным...
Бесін ауып кеткен кезде, бес терлеп,
жеткен Бродвей, Уолл-стрит та есте жоқ!
Есімде тек жынды ақынның өлеңін,
Лонг-Айлендте еске алғаным кешке кеп.
Авенюде табан тозып даңқы әйдік,
Атышулы скверлерде шалқайдық.
Үш-ақ күнде тозып кеттім елді ойлап,
Жиырма төрт жыл шыдады екен ол қайтіп?» – дейді «Нью-Йоркті еске алу» атты Иосиф Бродскийге арнаған өлеңінде. Бұ жақта өзі де оңып жүрген жоқ, енді қараңыз, Америкаға барып, Иосиф Бродскийді ойлап, сары уайымға салынып жүр, бұл ақын дегендерді адам түсінбейді, – Алла болмаса?!

### ПІР

Ей, Дәурен-ай...
Ит-тіршілік талаған!
Атадан – алтау, бесеу едім – анадан;
Тыр-жалаңаш шешіндіріп, бір кезде,
Мені-дағы ол сабаған...

Қара өлең бұл – қара тағдыр, қыстаған,
Қасынан – шер, басынан – сор ұшпаған.
Мен де, жаным, Мұқағали дейтұғын,
Пірдің қолын ұстағам...

Халық қайда, тобыр неге құтырды?!
Құтырды да құртты-ау, күллі құтымды?!
Өксігіңді өлеңге төк, бауырым,
Мұқағали – пірің сықылды.

Жырқ-жырқ етіп көппен бірге
күле алмай,
Сүйе алмай һәм қасында оның
жүре алмай;
«А...» дегенде жалын шығып аузымнан,
Айхой, дәурен сүре алмай?!

Содан көктеп, өстім бе?
Өкінгенмен енді, әрине, кеш, мүлде.
Өксігіңді өлеңге төк, бауырым,
Керегі жоқ...
Одан басқа
Ешкімге...

**12.04.2021 ж.**

● ФЕСТИВАЛЬ

# SARYARKA ART FEST – Қарағандыда

**Қарағандыдағы Достық үйінде SARYARKA ART FEST халықаралық сән фестивалінің көрсетілімі өтті. Шаһарға этно стильдегі сән үлгілерін көрсету үшін еліміздің басқа облыстары мен көрші мемлекеттер дизайнерлері арнайы келді. Еліміздің әр аймағында бірнеше күнге созылатын бұл жобаны ұйымдастыруға «World Nomads Fashion Festival» Дүниежүзілік көшпенділер сән фестивалі қолдау көрсеткен.**

***Жәлел* ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

SARYARKA ART FEST – дизайнерлердің, хенд-мейд мамандарының және Қазақстандағы шеберлердің жаңа толқынын таныстыруға арналған жоба. Ол тек сәнді ғана емес, туризмді, мәдениетті, білім беруді дамытуға және қатысушыларға Орта Азияның басқа аймақтарында өзін көрсетуге мүмкіндік беруге бағытталған. Көрсетілім барысында қонақтар отандық және шетелдік fashion-дизайнерлердің жаңа идеяларымен танысты.

Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген негізгі қонақтар арасында музыкант, косметолог, актер, жүргізуші және модельдер бар. Жобаны жыл сайын байтақ өлкеміздің түрлі өңірінде ұйымдастыру жоспарланып отыр. Негізін қалаушы – киім дизайнері Меруерт Мұхамедьярова.



Мұнда 10-ға жуық қатысушы дизайнерлер бас қосты. Бұған дейін «Шығармашыл жастар арасында жаңа мүмкіндіктер» форумы «Аманат» партиясының ғимаратында өткен еді.

Кездесуді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова мен Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова құттықтау сөзімен ашты. Ал, әрі қарай дизайнерлер – «Zeken Moda» жобасының негізін қалаушы Қайролла Әбішев, «Nomads Fashion World Festival», «Burana Fashion Week» және «podium» жобаларының негізін қалаушы Назира Бегім (Қырғызстан), «Adras Republic» брендінің негізін қалаушы Софья Юсупова (Өзбекстан) және Меруерт Мұхамедьярованың өзі жалғастырды.

Сән көрсетілімі екі блоктан тұрды. Іс-шара қарағандылық суретші, дизайнер, Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі Евгения Шульцтің көрмесі аясында өткенін атап өткен жөн. Олардың көпшілігі киізден жасалған. Көрермендер Қайролла Әбішев, Жәмила Стамбекова (Қырғызстан) және Мадина Даниярова (Астана), Салия Бейсенова (Қарағанды) және София Юсупова (Өзбекстан), Ақбота Жолдасбек (Астана), Лаура Бектембаева (Өскемен), Мархабат Зейнуллина (Астана), Меруерт Мұхамедьярова және кішкентай дизайнер Інжу Мұратбекованың коллекцияларын қызығы тамашалады. Қатысушылардың әрқайсысы шамамен 10 киім үлгісін ұсынып, ақтық сында Алғыс хат пен сертификатқа ие болды.

Жұрт назарына ұсынылған әр киім үлгісі өзінше ерекше. Оларды салтанатты жиындар мен күнделікті өмірде де киюге болады. Этникалық компонент образдармен әсем және орынды үйлескен. «Art Line» Қарағанды агенттігінің өкілі Мадина Ахметбаеваның үлгілері де елдің ыстық ықыласына ие болды.

– Киім топтамалары арнайы ережесі бар сән апталары үшін жасалған. Негізінен топтама белгілі бір тақырыпқа арналған. Сондықтан, бізде этникалық стильде, кездейсоқ стильде, еуропалық стильде коллекциялар бар. Біздің «Индиго» топтамамыз джинсы, табиғи драп және матадан этникалық стильде жасалған және Қазақстанның дарынды тұлғаларына арналған. Біз өз топтамамыз арқылы әлемде және елімізде өмірдің барлық салаларында талантты адамдар өте көп екенін тағы да айтқымыз келді, – деп түсіндірді Артур Евгеньевич.

SARYARKA ART FEST-те ұсынылған топтамалар ою-өрнектермен және әшекейлермен әрленіп, бояулармен боялған. Мысалы, «Zeken Moda» топтамасына суретті Қайролла Әбішевтің қызы Армангүл Зекен салған.

– Негізінен барлық топтаманың күнделікті киюге болатындай етіп жасалған. Бізде спорттық сыртқы киім топтамалары бар. Әрине, SARYARKA ART FEST сияқты фестивальдарда біз де өз өнімімізді көрсете аламыз. Меніңше, отандық дизайнерлерді, әсіресе, мемлекет тарапынан қолдау өте маңызды. Балалар, жастар, үлкендер де әдемі киінгісі, сәнді болып көрінгісі және киім арқылы өз ойын білдіргісі келеді. Осындай жиындардан кейін бізден көптеген көрермен ақыл-кеңес сұрайды, – деді Артур Ким.

Айтпақшы, «Zeken Moda» сән үйінде егде жастағы модельдер де бар. Олардың бірі Райхан Өтегенова бір кездері Қайролла Әбішевке бас киім алу үшін жүгінген. Соңында өзі бренд амбассадоры болып 5 жылдан бері еңбек етіп келеді. Райхан ханым сонымен қатар, «Zeken Moda» коллекцияларын көрсететін шоуларға бірнеше рет қатысқан.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Өрт сөндірушілерде – жаңа техника

**Жыл сайын аудандағы азаматтық қорғау қызметтерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып келеді. Мәселен, таяуда Қарқаралы ауданы төтенше жағдайлар бөліміне жаңа техника берілді. Бұл мамандарға өздеріне жүктелген міндеттерді тиімді әрі сапалы орындауға мүмкіндік бермек.**

**Сағыныш ӘБІЛ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала басындағы өрт сөндіру бөлімі арнайы өрт сөндіру көлігімен тіркемелі өрт сөндіру модулімен толықты. Тура осындай арнайы техникалар Егіндібұлақ селосының өрт сөндіру бөліміне де берілді.

– Аудандық өрт сөндіру бөлімі аудан аумағында орын алатын дала және орман өртіне жауапты. Сондай-ақ, шалғайдағы ауылдар да назардан тыс қалмайды. Өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын алу мақсатында ауылдық округтердің барлығына дерлік өрт сөндіру модульдары берілуде. Мәселен, жақында Абай ауылдық округіне тура осындай тіркемелі цистернасы бар өрт сөндіру модулі берілмек. Жалпы, былтырғы құрғақ ауа райына байланысты дала өрті жиі болды. Осындай төтенше жағдайлардың алдын алуда өрт сөндіру бөлімдерін жылма жыл заманауи жаңа техникамен қамтамасыз етіп отыру маңызды, – дейді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Нұршат Қайыр.

Қарқаралы ауданының аумағында мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан. Әрі елді мекендер арасының алшақтығы өрт оқиғаларының алдын алуда қиындық тудыратыны сөзсіз. Дегенмен, төтенше жағдайда аудандық өрт сөндіру бөлімі лайықты қызмет көрсетуде. Оған ауылдарға берілген өрт сөндіру модульдері сеп болатыны анық.



● ҚЫЛМЫС

# Көршісінің пәтерін тонаған күдікті ұсталды

**Теміртауда ескі қаладағы полиция бөліміне 47 жастағы әйел жүгінген. Сөзінше, ол кешкілік жұмыстан кейін үйіне келгенде пәтерде белгісіз адамның іздері жатқанын байқаған. Қылмыскер пәтер ішіндегі ақша сақтаулы қобдишаны, smart-сағат пен құлаққапты қолды еткен. Залал сомасы – 180 мың теңге.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Тексеру шаралары барысында полиция қызметкерлері пәтердің ұрлықтан кейінгі тап-тұйнақтай қалпын көріп таңданыс білдірді. Демек, көршісі жәбірленушінің үйінде қандай құнды заттардың қай жерде тұрғанын қапысыз білген. Ұрлыққа әлгі әйел азаматшаның таныс адамы түскендігі сарала бастады. Болжам бұлжымай расталды.

Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері жәбірленушімен бір подъезде тұратын 48 жастағы ер адамды ұстады. Ол көршісінің пәтеріне бірнеше рет келіп-кетіп жүріп, онда қымбат заттардың бар екенін біліп жүрген. Ұрланған заттар тәркіленді. Орын алған жайт бойынша Қылмыстық Кодекстің 188-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Кейінгі кезде осы сынды тонау жайттары көбейген. Пәтер ұрлығы жеке мүлікке қатысты ең жиі жасалатын қылмыс түрі. Өкінішке қарай, ұрлық көбінесе ашылмаған күйінде қала береді. Сондықтан, кез келген ұрлықтың алдын алған абзал. Ұзақ уақыт сапарда болсаңыз, құнды заттарды үйде сақтамауға тырысыңыз. Сыртқы есікті құлыптап жабуды ұмытпаңыз! Мүмкіндік болса, күзет дабылын орнатуға мән беру керек.


**Хабарландыру**

«Turan Resources Ltd.» ЖК Қарағанды облысында орналасқан Ақтас I және Ақтас II кен орындарының Тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 06.06.2023 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Балқаш қ., Саяқ ауылы, Бульвар Горняков көшесі 48 (Горняктар МҮ) мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Turan Resources Ltd.» ЖК, БСН 221040900513,
тел. 8 7172 24 72 80. Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кеңсе, e-mail: turanresoursecltd@mail.ru.

Әсер ету аумағы – Қарағанды облысы, Саяқ ауылы. Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталдың (БЭК) сайтында және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кеңсе, e-mail turanresoursecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02 мекенжайы бойынша алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады – expertiza.upr_krg@mail.ru, Тапсырыс беруші – turanresoursecltd@mail.ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі:
https://us06web.zoom.us/j/82892594675?pwd=dVB4czUzUFNVaHFST2U3Um5hVzl0UT09
Конференция идентификаторы: 828 9259 4675
Кіру коды: 144074

**Объявление**

ЧК «Turan Resources Ltd.» проводит общественные слушания в форме открытых собрании по Отчету о возможных воздействиях к Плану горных работ месторождений Актас I и Актас II, расположенных в Карагандинской области. Слушания состоятся 06.06.2023 года в 11:00 по адресу Карагандинская область, Балхаш г.а., п. Саяк, улица Бульвар Горняков 48 (ДК Горняков).

Заказчик проекта – ЧК «Turan Resources Ltd.», БИН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Адрес: РК, г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresoursecltd@mail.ru.

Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496, г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, т. 8 777 491 40 02, 8(7172) 24 72 80

Территория воздействия – Карагандинская область, п. Саяк. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте единого экологического портала (ЕЭП) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в разделе «Общественные слушания». Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresoursecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - expertiza.upr_krg@mail.ru, заказчика – turanresoursecltd@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:
https://us06web.zoom.us/j/82892594675?pwd=dVB4czUzUFNVaHFST2U3Um5hVzl0UT09
Идентификатор конференции: 828 9259 4675
Код доступа: 144074 №113

**Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru**

**43-21-55**
**Жарнама бөлімінің байланыс телефоны**

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

**Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:**
«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантқа түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz №214


## Қарағанды облысы: ауа райы

| | 20 сәуір | | 21 сәуір | | 22 сәуір | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарағанды қаласы | +6 | -2 | +11 | -1 | +13 | +3 |
| Абай ауданы | +6 | -6 | +9 | -3 | +12 | -3 |
| Ақтоғай ауданы | +4 | +3 | +10 | 0 | +11 | +3 |
| Бұқар жырау ауданы | +2 | -9 | +8 | -3 | +10 | 0 |
| Қарқаралы ауданы | +2 | -7 | +2 | -4 | +2 | -7 |
| Нұра ауданы | +3 | -7 | +11 | -3 | +12 | +1 |
| Осакаров ауданы | +2 | -2 | +9 | -3 | +12 | -3 |
| Шет ауданы | +5 | -3 | +5 | -3 | +9 | -3 |

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

● ТАҒЗЫМ

# Ұшқыш ерлігі – ұрпаққа үлгі

**Қарағанды білім бөлімінің қолдауымен Нұркен Әбдіров атындағы мектепте Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровке арналған «Қыран қазақ» қалалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияда 5-11 сынып оқушылары бүгінгі һәм соғыс жылдарындағы ұшқыштар туралы зерттеу жұмыстарын таныстырды. Сонымен қатар, әр оқушы майдан ардагері атанған туыстары жайлы тарихи деректерді сөз етті.**

***Жан* АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушылар іс-шара бағыты бойынша төрт негізгі тақырыпты қаузады. Олар «Ақиық қырандар көші», «Жеңіс жауынгері тарихы», «Мұзбалақ қырандары», «Ерлікке тағзым». Тақырыптар мақсаты сан алуан. Мысалы, «Ерлікке тағзым» тақырыбы мектеп оқушыларының мақаласымен ашылғандай. Оқушылардың баспасөз әлемінен хабары бары айқындалды осы тұста.

Ал, «Жеңіс жауынгері тарихы» айдарында оқушылар ата-бабаларының майдан алаңында жанын шүберекке түйіп соғысқанын мақтанышпен жеткізе білді. Әскери киім киген оқушылар шеруі шара сәнін кіргізіп, олар батыр баба рухын ұлықтап, ұшқыштар туралы ұрандар мен ән-жырларды кезектесе шырқады.



Нұркен Әбдіровтің әуедегі ерлік тарихын талқылау барысында оқушылар мен ұстаздар шын деректер мен тарихи фактілерге сүйене отырып, көпшілік көкейінде жүрген сауалдарға жауап іздеді.

– Расында, көп жылдар бойы Ұлы Отан соғысының тарихы бойынша, қазақ ұшқышы Николай Гастеллоның ерлігін қайталады деген тұжырым үстемдік құрып келді. Ал, соңғы жылдарда анықталған бұлтартпас деректер қазақ қаһарманы Нұркен Әбдіровке дейін мұндай ерлік жасалмағанын айғақтады. Тіпті, Гастеллоның экипажы ерлік жасады деген жерден капитан А.Масловтың экипажының мүрделері табылып, Николай Гастеллоның экипажы жау колоннасының үстінен «отты таран» жасамаған болып шықты. Ендеше екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы бұл бұлыңғыр оқиғаны тарихшылар еншісіне қалдырып, сұрапыл соғыс жылдары қаһармандық қайсарлықтың қайталанбас үлгісін көрсеткен жерлесіміз Нұркен Әбдіровтің көзсіз ерлігін Ұлы Даланың ұландарына ұлағат етуіміз парыз, – деп атап өтті мектептің оқу-ісі жөніндегі меңгерушісі Гүлнар Мейрамовна.

Иә, Нұркен Әбдіров талай әуе шайқасында ерлік пен өжеттік, әскери шеберлік танытқан бірегей тұлға. Оның өмірінің қай қырын қарасаңыз да патриоттыққа, отансүйгіштікке жетелейді. Қарапайым қазақ баласы Нұркен Әбдіровтің өмірі мен ерлігі қаһарман, қазақ ұлтының бойындағы игі қасиеттердің айнасындай әлемге шұғыла шашып тұрған жоқ па?! Ал, жас ұрпақтың сол баба ерлігінен нәр алып, асқақ арманға қол созғаны елдіктің белгісі.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

## Батыр атындағы бәсеке

**Қарағандыда жеңіл атлетикадан Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржановты еске алуға арналған республикалық турнир басталды.**

Аталған сайыс облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен іске асқан. Тағы бір айта кетерлігі, турнирде жоғары жетістікке қол жеткізіп, жеңімпаз атанған спортшыға батырдың туыстарының атынан ақшалай сыйақы тағайындалған. Жарысқа 2008-2009 жылғы жасөспірімдер қатысуда. Олар Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары, Теміртау, Абай, Шахтинск, Балқаш және Қарағанды қалаларынан жиналған 150-ден астам спортшы.

2019 жылдың 19 қыркүйегінде Қарағанды жеңіл атлетика манежіне салтанатты жағдайда Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың есімі берілді. Жерлесіміздің 1942 жылдың сәуірінен бастап, 1945 жылға дейінгі Ұлы Отан соғысының ұрыс даласындағы бүкіл жауынгерлік жолы даңққа толы. Белоруссияның Волковыск қаласын басып алу кезіндегі шайқаста қазақстандық жауынгер көз жұмды. Өмірін бейбіт заман жолында тәрк еткен жанның сүйегі Деречин ауылындағы бауырластар зиратында жатыр. Қазіргі таңда Волковыск тұрғындары қаланы азат етуші қаһарман Қазыбек Нұржановты құрметпен еске алады. Сондай-ақ, онда жыл сайын Отан қорғаушылар күні қарсаңында олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде жеңіл атлетикадан Кеңес Одағының Батыры кубогы аясында жарыстар өткізіледі.



● ҚАДІР ТҮНІ

# «Амандық жамандықты жеңеді...»

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қарағанды облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен «Әнет баба» атындағы облыстық орталық мешітте қасиетті Қадір түні аталып өтті. Мыңдаған адам дұғаға қол жайып, Қадір түнін құлшылықпен өткізді.**

***Жәлел* ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Рамазан айының үшінші онкүндігінде келетін қасиетті Қадір түнінде «Әнет баба» мешітінде ине шаншыр жер болмады. Мың айдан да қайырлы, берекелі кеште облыстың бас имамы Естай Айтуғанұлы барша мұсылман қауымын Қадір түнімен құттықтап, қасиетті түннің берекеті жайлы уағыз-насихат айтты.

– Мешітке жиылған жамағаттың жүзінен төгілген иман нұрын көріп, жақсылыққа, ізгілікке деген құштарлықты көріп, риза болдық. Әсіресе, жастар жағы басым болды. Жас буынның имандылыққа бет бұрғаны қуантады. Елдің діни сауаты да жақсы, Аллаға шүкір. Қасиетті түнді жамағаттың құлшылықпен өткізуіне бар күшімізді салдық. Зеріктірмей пайдалы уағыздар айтып, викториналық сауалдар қойып, діни ілімін көтеруге аз да болса үлес қостық деп ойлаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әр шаңыраққа құт-береке, жақсылық тілейміз, – деді Естай Айтуғанұлы.

Мешітке жиналған мұсылман жамағатына дастархан жайылып, 600 адамға мешіт асханасы мен киіз үйде ауызашар берілді. Берекелі отырыста Құран оқылып, барша жамағат қол жайып, Алла Тағаладан дұға тіледі. Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай жұмылып, жамағат тарауық намазын оқығаннан кейін Құран Кәрім хатым етілді. Облыстың бас имамы Құран хатым дұғасын жасады. Сонымен қатар, аймақтың бас имамы бір ай бойы тарауық намазын жоғары деңгейде өткізіп, Құранды хатым еткен құрметті қариға құрмет танытып, шексіз алғыс білдірді.

– Қадір түні – ең қадірлі түн! Бұл жайында Алла Тағала Құран Кәрімнің «Қадір» сүресінде: «Шын мәнінде, Қасиетті Құран Кәрімді Қадір түнінде түсірдік» деп жазылған. Яғни, Құран Кәрімнің алғашқы аяттары Қадір түнінде түсіріліп бастаған. Сол үшін біз Рамазан айын – Құран айы деп атаймыз. Қадір түні – мың айдан да қадірлі түн. Жылға шаққанда «83 жылға пара-пар сауабы бар түн» деп Алла Тағала өзі баяндайды. Бұл дегеніңіз, осы қасиетті Қадір түнін кім тапса, онда оның дұға-тілегі қабыл болып, жасаған ғибадат-құлшылықтары бір адамның ғұмырына татитындай еселенеді екен. Пайғамбарымыздың хадисінде «Қадір түнін Рамазан айының соңғы он күнінен, оның ішінде тақ күндерден іздеңіздер» дейді. Аяттың жалғасында «Ол күні періштелер мен рух жерге түседі» делінеді. Ал, дін ғұламаларының айтуынша, «Бұл күні Жәбірейіл періштенің өзі жерге түседі. Раббымыздың рұқсатымен сол күні көптеген періште жер бетіне түседі және жер бетінде таңға дейін тыныштық орнайды» дейді. Алла Тағала Қадір түнінің ерекшелігін Құран Кәрімде осылай айтып кеткен, – деп атап өтті Естай Айтуғанұлы.




Рухани ауқымды кеш барысында Рамазан айының алғашқы күнінен бастау алып, жарияланған «Пайғамбарға (с.а.с) салауат» сайысының жеңімпаздары марапатталды.

Таң рауандап атқанша мешітте уағыз-насихат тыңдап, құлшылыққа ден қойған мұсылман қауымы бұл түні егеменді еліміз бен кең-байтақ жеріміздің амандығын тілеп, бейбітшілігіміздің баянды болуын сұрады. Сәресі уақытында Алла үйінен 3 000 адам ауыз бекітті.

«Амандық – жамандықты жеңеді» демекші, келесі Рамазанға дейін елдің іргесі мен төрт көзімізді түгел аман еткей!

● ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

# Сыр елінің сыйы

**Ұлт руханиятының ірі өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына орай Сыр елі, жыр елі – Қызылорда қаласында «TURKSOY» халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктері, зиялы қауым өкілдері, белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің қатысуымен бірқатар шара өтті. Оған Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданынан шақырылған меймандарды аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов, қазақтың айтулы ақыны Қуаныш Мақсұтов сынды ел азаматтары бастап барды. Тарқатайық...**




***Жәлел* ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиынға қатысушы қонақтар өз баяндамасында Темірбек Жүргеновтің қайраткерлік, азаматтық болмысы хақында кеңінен сыр шертіп, жылы естеліктер айтты. Бұдан бөлек, қайраткердің өнегелі ғұмырын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми кітапханасында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында арнайы кітап көрмесі жұрт назарына ұсынылды. Конференцияда жазушы Бейбіт Қойшыбайдың «Комиссар Жүргенов» кітабының тұсауы кесілді.

Конференция соңы Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрындағы «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мүшәйрасына ұласты. Жыр додасына елдің түпкір-түпкірінен ақындар қатысып, жырдан шашу шашты.

Мүшәйра қорытындысында Бас жүлдені қызылордалық талантты ақын Мөлдір Айтбай жеңіп алды. I орын – оралдық Марлен Ғилымханға, II орын – абайлық Динара Төлеутайға бұйырса, III орын биігінен қызылордалық Ақжол Түменбай мен Айдар Сайлауов, ақтөбелік Дәурен Тілеухан көрінді. Ал, Т.Жүргенов атындағы арнайы жүлде түркістандық Азамат Әлібектің еншісіне тиді.

Сондай-ақ, біртуар қайраткердің жары, «Алжир» азабын тартқан қайраткер ана, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері Дәмеш Ермекова-Жүргенованың рухына тағзым жасалып, облыс орталығындағы көшелердің біріне есімі берілді.

– Темірбек Қараұлы қазақ халқының ғана емес, күллі Орта Азия өнер-мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан аса ірі қайраткер. Т.Жүргенов – елімізде көптеген мектептің ашылуына түрткі болған ұлт перзенті. Биыл Т.Жүргеновтің 125 жылдығына қаламыздан қайраткердің зайыбы Дәмеш Ермекова-Жүргеноваға көше берілді. Кеше Н.Бекежанов театрында «Нарком Жүргенов» спектаклі қалың көрерменге жол тартты. Темірбек Қараұлының есімін ұрпағы ешқашан ұмытпайды, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Дәмеш Әмірханқызы Ермекова – 1905 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында туған. Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетін 1929 жылы бітіріп, 1929-1933 жылдары Ташкент медициналық институтында оқытушы болды. Ташкент шаһарында Нарком Темірбек Жүргеновпен танысып, отау құрады. 1938-1946 жылдары «Халық жауының» жары ретінде 8 жыл АЛЖИР-де отырды. 1956-1973 жылдары Алматы медициналық институтында оқытушы қызметін атқарып, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Алматы қаласының «Құрметті азаматы» атанды.

Дәмеш анамыз Темірбек Жүргенов ақталғаннан кейін жарының тарихтағы орнына қатысты әділдікті қалпына келтіру, есімін ұлықтау істеріне ұйытқы болған қазақтың қайсар қызы. Оның еңбегі мен өмір жолы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

● ТЕННИС

## Құрама құралақан емес

**Қазақстандық танымал теннисші Ангелина Романовская «УГМК-УОР» клубының құрамында үстел теннисінен Суперлиганы жеңіп алды.**

Ленинград облысының Гатчина қаласында өткен Ресей үстел теннисі федерациясының командалық чемпионаты Суперлигасының IV туры аяқталды.

Аталған дүбірлі дода аясында «УГМК-УОР» (Жоғарғы Пышма, Свердлов облысы) спортшылары, «Темп» (Ярославль), «Команда 47» (Санкт-Петербург), «Борей» (Санкт-Петербург), «Калинка» (Мәскеу), «Юниор-Мәскеу», «ЦОП-1» (Краснодар) маусым қорытындысы бойынша үздік команда аталымын алды және келесі жылы Премьер-лигада өнер көрсететін болады.

Ал, жеңімпаз «УГМК-УОР» құрамында Злата Терехова, Есения Широкова, Вера Смирнова, Ангелина Романовская секілді қазақстандық сайыпқырандар ойнады.

● ДЗЮДО

## Татами тарландары топ жарды

**Хорватияның Дубровник қаласында дзюдо күресінен Европа кубогы өтті. Төрткүл дүние жанкүйерлік еткен татамидегі тартыста Қазақстан құрамасы бес медальға ие болды.**

Белдесуде басты назарға алынған қазақстандық спортшы Ғұмар Қырғызбаев. Ол 66 келіге дейінгі салмақта қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, алтын тұғырдан бой көрсетті. Сонымен қатар, сайыстың күміс жүлдесін қанжығалаған – Толғанай Әбеуова мен Есімгүл Куюлова. Ал, 60 келі салмақта қола алып қоржын толтырған Бауыржан Нарбаев және 78 келіде бақ сынасқан Ақерке Рамазанова еді.

Дайындаған
**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДУТБАЙ
Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 5 602
№44 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Салтанат ІЛИЯШ**